

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА

БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ

НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының IV курс студенті

Сарманова Нұргүлдің

Бітіру мамандық жұмысы

**Тақырып: Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің
5-сыныпта оқытылуы**

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д, проф. К.Алламбергенов
асс. Т.Төрткулбаева

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2012-жыл. ____ № ____ санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Филология факультеті деканы: _____ ф.ғ.к. доц. Г.Қурбаниязов

Кафедра меңгерушісі: _____ ф.ғ.к. доц. Ш.Қудьярова.

Ғылыми жетекші: _____ ф.ғ.д. проф. К.Алламбергенов
_____ асс. Т.Төрткулбаева

Сарманова Нұргүлдің «Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің 5-сыныпта оқытылуы» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «____» (____%) қойылды.

«____» _____ 2012 жыл

МАК хаткері:

Г.Шарибаева

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I ТАРАУ

Ауыз әдебиеті үлгілерін мектепте оқыту жолдары

- А) Тұрмыс-салт өлеңдерін оқытуда этнопедагогиканы пайдалану
- Ә) Мақал-мәтелдер және жұмбақ пен жаңылтпаштарды жарыс сабақ түрінде өту

II ТАРАУ

Ертегілерді модуль арқылы оқыту

- А) «Алтын сақа» ертегісін сын тұрғысынан дамыта оқыту
- Ә) «Толағай» әдеби ертегісіне сабақтық жоспар

III ТАРАУ

Шешендік сөздерді танытудың жаңаша үлгілері

- А) «Байдалы бидің көңіл айтуы»на сабақтық үлгі
- Ә) Шешендік сөздерді оқытуға сабақтық үлгі

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы: Әдебиеттің адамды рухани жағынан өсіру мүмкіншілігін оқыту үрдісінде барынша пайдалану – мектепте әдебиетті оқытудың негізгі мақсаты.

Қазіргі күнде әдебиетті оқытуға қойылып отырған жаңа талаптар оқушыларды интеллектуалды жастар қатарына қосуды мақсат етіп отырғаны белгілі.

Осы күнге дейін де мектепте әдебиетті оқытудың жүгі жеңіл болған емес. Оқушылардың ауызша сөйлеу тілін дамыту, жазбаша тіл ұстарту, ауыз әдебиеті шығармаларының мазмұнын ұғыну тағы-тағылармен бірге шығарманың көркемдік ерекшеліктерін тану мәселесі жұмыстың көкейтестілігі болып саналады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Бакалавриат бағытын бітіруші ретінде халықтың бай мұрасы болған ауыз әдебиетінің сақталу мәселелеріне ден қоюы болашақ маманды ұштай түсетіндігі белгілі. Халық ауыз әдебиеті шығармаларының көркемдік әлемін танытудағы пікірлері мен тұжырымдары және мектепте халықтық туындының көркемдігін ұғындыру мәселелері бакалавриат басқышында бітірушінің бітіру жұмысы үшін жазылатын еңбегімнің мақсаты мен міндеті болмақ.

Мақсатымыз ауыз әдебиетінің бір саласы болған әдет-ғұрыпқа байланысты өлеңдерді ойын сабағы барысында үйрене отырып, ұлттық дәстүрлерімізді бағалауға, қонақ күте білуге, шешендікке, сөз қадірін бағалауға дағдыландыру.

Зерттеу объекті мен предметі: Ауыз әдебиеті үлгілері шығармаларының айшықтарын таныту, оны жан-жақты қарастыру мәселесі көкейімізде жүргенімен, оған басқа мәселелерге қарағанда ат салысу бакалавр мамандығын алатын бітіруші үшін күрделі мәселені туғызады. Дегенмен, бұл саладағы көрнекі ғалымдардың, әдіскер-ұстаздардың еңбектері нар тәуекел жасауымызда түрткі болды.

Осы жұмысымыз барысында әдебиетті оқыту методикасына көп еңбек сіңірген Ә.Көшімбаев, Ә.Дайырова, Т.Ақшолақов, С.Мақпырұлы, Г.Құрманбаева, Қ. Бітібаева, Т.Жұмажанова, Б.Әрінова т.б. еңбектерінен пайдаланылды.

Зерттеу методикасы мен әдістері: 5-сынып оқушылары мақал-мәтелдерді ажырата алмауы, мәтелдің мағынасын дұрыс түсіне алмауына байланысты біз жұмбақ-жаңылтпаштармен қоса жарыс сабақ арқылы ара жігін ажыратып беру мақсатымен салыстыра оқытудың маңыздылығын есепке алдық.

Жұмысымызда мақал-мәтелдер мен жұмбақ-жаңылтпаштарды жарыс түрінде өтудің тиімділігіне тоқталамыз.

Ертегілерді модуль арқылы оқыту жолдарында оқушының өздігінен ізденуін, пікірлерін жинақтай білуін, өз пікірін дәлелдей алуын, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдылануын жүзеге асырады.

Зерттеу барысында сипаттау, компонентті талдау, салыстырмалы, мазмұндық, сипаттау, сын тұрғысынан ойлау, модульмен оқыту әдістері қолданылды. Халық ауыз әдебиетінің түпнұсқасы негізінде ғылыми зерттеулер, оқулықтарға шолу жасалды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Зерттеу жаңалығы тақырыптың актуальдығына байланысты. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін сынып бойынша талдап оқытудың ерекшеліктері мен жолдары үйренілді. Шешендік сөздерді, тұрмыс-салт жырларын, ертегілерді 5-сыныпта оқытудың жаңа технологиялары берілді. Сабақ үлгілері де жаңа әдістермен, жаңаша оқыту тәсілдерімен көрсетіліп өтті. Осы мәселелер жұмыста шешімін табады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:

Ауыз әдебиеті үлгілері шығармаларының көркем айшықтарын танытудағы мұғалім шеберлігі оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда, ой-санасын тереңдетуде, сондай-ақ әдебиетке болған қызығушылығын арттыруға тигізер әсері мен көмегі ұшан-теңіз.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспе, негізгі таруларда тұрмыс-салт жырларын оқыту, мақал-мәтел мен жұмбақ-жаңылтпаштарды жарыс сабақ күйінде үйрету, ертегілерді этнопедагогикалық жолмен оқыту, шешендік сөздерді жаңаша оқыту тәсілдері нәтижесінде көрсетіліп берілді. Қорытындыда зерттеу нәтижелеріне толық тұжырым жасалды.

Жұмысымызда ғылыми сараптама жасап жаңалық аштық демейміз. Іздену барысында мектепте әдебиет пәнін өтуде осы мәселенің басын ашатындай дәрежеге жеттік.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.д. К.Алламбергенов

асс. Т.Төрткулбаева

Студент:

Н.Сарманова

КІРІСПЕ

Президентіміз И.А. Каримовтың «Жоқары мәнауият – жеңилмес күш» еңбегінде әрбір халықтың ұлттық әдет-ғұрыптарын сәулелендіретін ауыз әдебиеті үлгілерін ерекше атап өтеді.

«Соны айтыуымыз тийис, халқымыз мәнауиятын жоқарылатыуда миллий үрп-әдетлеримиз хәм олардың негизинде жәмленген мехир-мүриўбет, инсанды улығлаў, тыныш хәм парахат турмыс, дослық хәм татыўлықты қәдирлеў, түрли машқалаларды бирлесип шешиў сияқлы ибратлы қәдириятлар мудамы үлкен акмийетке ийе болады»¹.

Қазір Өзбекстан Республикасы «Білімдендіру заңы» мен «Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасында» білім берудің өзіндік ұлттық моделінің үлгісін құру үстінде. Бұрынғы дәстүрлі оқыту мен тәрбиелеудің түрлері жаңа көзқарастар тұрғысынан екшеленіп, талданып, басқа түрлеріне алмасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасында да бірінші орындағы баланың білімі мен дағдысы емес, оның тұлғасын білім арқылы дамыту қойылып отыр.

Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасында білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында орта білім берудің мақсаты жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру делінген.

Қоғам дамуының сәби кезеңдерінде фольклор шығармаларын орындаушылар от басы, ошақ қасындағы қарт-қариялар болған. Оларды біз халық поэзиясының қарапайым жасаушылары дейміз. Сонда фольклор шығармаларының жасаушылары да, айтушылары да халықтың өзі болып шығады. Өнері өрге жүзген дарын иелерінің ауызынан шыққан үлгілі де ғибратты сөздер мен жырларды басқа айтушылар іліп әкетіп, өңдеп,

¹ Каримов И.А. Жоқары мәнауият – жеңилмес күш. Ташкент: Мәнауият, 2008. 96-бет,

дамытып, нақышына келтіре орындайтын болған. Жырау және жыршылар көлемді эпостық жырларды айтуды үрдіс етсе, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, тұрмыс-салт, айтыс сияқты ұсақ формалы өлеңдерді кішігірім айтушылар тудырып, көпшілікке ортақ рухани мұраға айналдырып отырған. Осы ретпен туып, атадан балаға жетіп, ел аузына сақталып келген көркем сөз өнерін, оның айтылу және орындалу ерекшеліктерін фольклор дейміз.

Халық ауыз әдебиеті әрбір халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, баяндайтын әдебиеттің қаймағы, асыл сөздің бастау алар бұлағы. Ауыз әдебиеті үлгілері жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарынан үйреніле бастайды. Ал, Өзбекстан көлеміндегі қазақ мектептері 5-сыныптан бастап халық ауыз әдебиеті үлгілерінен молырақ таныс болады. 5-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілері шығармаларына 28 сағат берілген. Мұнда тұрмыс-салт өлеңдері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер, ертегілер, бата, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер үлгілері бар.

Бастауыш сыныпта бір мұғалімнен тәлім алған оқушы 5-сыныпқа келіп, әр пәнді әр мұғалім оқытқан кезде дағдарып қалуы тәжірибеде көп сыналады. Міне, осындай кезде оқушыны әдемі, әсерлі сөзімен, әдеби шығармаларды көркемдеп түсіндіруімен өзіне үйрететін қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. Себебі оқыту барысында оқушымен сұрақ-жауап арқылы көбірек байланысатын да тілші мұғалімдер.

Ал, осы мүмкіндіктерді ойдағыдай алып баруда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі алдында өте жауапты іс, яғни оқушының ана тілінде халқының бай мұрасы болған ауыз әдебиеті материалдарын түрлендіріп өте алуы сияқты күрделі мәселе тұрады.

Біз бітіру мамандық жұмысымызда 28 сағатты қамтитын ауыз әдебиеті үлгілерін топтастыра отырып үйренуді жөн көрдік.

Бітіру мамандық жұмысым үш тараудан тұрады.

Бірінші тарауды ауыз әдебиеті үлгілерін мектепте оқыту жолдары деп алып, оны кішігірім екі бөлімге бөлдік: тұрмыс-салт өлеңдерін жаңа

технология арқылы оқыту, мақал-мәтелдер мен жұмбақ, жаңылтпаштарды жарыс сабақ түрінде өту бойынша мәселелерді қарастырдық.

Бітіру мамандық жұмысымызға тұрмыс-салт өлеңдерін оқытуда этнопедагогиканы пайдаланып өтудің бір сабақтық жоспарын енгізіп отырмыз. Мұндағы мақсатымыз ауыз әдебиетінің бір саласы болған әдет-ғұрыпқа байланысты өлеңдерді ойын сабағы барысында үйрене отырып, ұлттық дәстүрлерімізді бағалауға үйрету.

Мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетінің үлкен бір тарауы. Мектеп оқушылары мақал-мәтелдерді ажырата алмауы, мәтелдің мағынасын дұрыс түсіне алмауына байланысты біз оларды жарыс сабақ арқылы ара жігін ажыратып беру мақсатымен салыстыра оқытудың маңыздылығын есепке алдық.

Жұмбақ, жаңылтпаштар баланың тез ойлау, шапшаң, анық айту, сөйлеу дағдысын қалыптасыратын ауыз әдебиеті үлгісінен саналады. Сондықтан жұмысымызда мақал-мәтелдер мен жұмбақ, жаңылтпаштарды жарыс түрінде өтудің тиімділігіне тоқталамыз.

Дамыта оқыту технологиясы педагогикада тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған. Біз жұмысымызда мақал-мәтел мен жұмбақ, жаңылтпаштарды жарыс түрінде дамыта оқыту арқылы баланы аз уақыт ішінде көп мәліметті қабылдауға, сынып оқушыларын сабаққа толық қатыстыруға, сөйлеу, қиял, интеллект, ес, сезім әсеріне ықпал жасауға, «менің ойымша», «егер мен болсам» деген оқушының өзіндік үнін қалыптастыруға үйрету жолдарын қарастырамыз.

Екінші тарауда ертегілерді модуль арқылы оқыту жолдарында оқушының өздігінен ізденуін, пікірлерін жинақтай білуін, өз пікірін дәлелдей алуын, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдылануын жүзеге асырады.

Жұмыс барысында модульде көрсетілген тақырыптарға, әр блокқа қатысты тапсырмаларды белгілі бір жүйелілікпен, ұтымды ұйымдастыруды жоспарлайды.

Үшінші тарауда шешендік сөздердің маңызына тоқталамыз. Бұл арқылы түсіндірудің мақсаты оқушыларды ой-толғауға үйрете отырып, шешендік сөздерді рольдерге бөліп оқыту. Сонымен бірге шешендік сөздерді таныту мәселесіне арналған сабақтық үлгі береміз. Мұнда Әйтеке би мен Байдалы би, Төле би мен Қазыбек, Байкөкше билердің шешендік сөздерінен үлгілер беріледі.

Ауыз әдебиеті материалдарын 5-сыныпта меңгеруде модульдік оқыту, дамыта оқыту, класстер, жарыс сабақ т.б. әдістерде жана технологиямен жаңаша өту жолдарын қарастырдық.

Жалпы бітіру мамандық жұмысы Өзбекстан көлеміндегі қазақ мектептерінің 5-сыныбына арналған әдебиет оқулығы негізінде орындалады.

Тақырыптар әдебиет пәнінің стандарттық өлшеміне сай берілген.

Жалпы жұмыс 5-сыныпты оқытатын мектеп мұғалімдері үшін методикалық жәрдем бола алады.

I ТАРАУ

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

а) Тұрмыс-салт өлеңдерін оқытуда этнопедагогиканы пайдалану

Қазақ фольклорында бала бағу, бала асырау, қыз ұзату, жаназалау, бақсылық нанымдары, діни әдет-ғұрыпқа байланысты туған салт өлеңдері өте көп.

Елдің тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпы, түрлі наным-сенімдеріне байланысты туған сюжетсіз ұсақ өлеңдері «Тұрмыс – салт жырлары» дейміз. Бұл жырларды олардың мазмұны мен тақырыбына қарай бірнеше түрге бөлуге болады. Олар²:

- а) бақташылық жырлары (төрт түлік мал туралы);
- ә) діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар (жарапазан, бәдік);
- б) үйлену жырлары (той бастар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар);
- в) ұлыс жырлары;
- г) бөбек жырлары, жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау) т.б.

Бір кездері жабайы аңдарды ұстап, үй түлігіне айналдырылған шаруаларды халық төрт түлік малдың «пірі» деп ұғынып, солар жайында түрліше аңыздар тудырып отырған. Сол кезеңнен бастап бақташылық жырлары туса керек. Бұрын жабайы аңдарға сыйынған халық енді төрт түлік малды құт санап, олардың Шопан ата, Шекшек ата, Жылқышы ата, Ойсыл қара, Зеңгі баба деген иелеріне табынған. Ел ұғымында Шопан ата-қойдың, Жылқышы ата-жылқының, Ойсыл ата-түйенің, Зеңгі баба-сиырдың, Шекшек ата-ешкінің пірі. Олар малды құт деп біліп, аязды қыстан, жұтаған жұттан, аш бөрілерден аман алып шығудың жолдарын айтқан.

Мысалы, Шопан ата қойларын күні-түні бақса тойғыза алмай, қарнына асасын тығып алыпты. Содан қойдың бір бүйірі шұқыр болыпты-мыс дейтін аңыз бар. Шекшек ата болса «есі кеткен ешкі жинайды» деп, оның сүті өсімтал түлік екенін айтады. Қазақ халқы үшін жылқы мен түйе етті, сүтті,

² Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 1994. 28 бет

көшсе-көлік, мінсе-ат болып төзімді түліктен саналған. Түйені қазақ «шөл кемесі» десе, жылқыны «ер серігі» деп таныған.

Сиыр өзінің иесімен айтысқанда: «Қысқа әзірлеген шөбің, нәрсіз, көдең дәмсіз, өзің жарсыз жалқаусың» деп сынайды. Мұндай жырларда әр түліктің өз тұтынушыларына қоятын шарттары да айтылады. Бұл туралы ел аузында сиыр «қоры үзілген қуға», қой «жүн жеп, жабағы тышқан насқа», жылқы «найза ұстаған ерге», түйе «ел ішіндегі зорға бітемін» деген ұғымдар бар.

Төрт түлік мал жайындағы жырлардың өзі тілек-бата түрінде айтылады.

Шаруаның бір түлік пірі-Шопан,
Келтірмей қу, пір ата, қойға топан.
Қойды андыған пәленің бәрін құртып,
Бықпырт тиіп, үні өшсін қасқыр апан.

Мал бағу қамынан туған бұл жырлардың енді бір үлгісі жыр формасында айтылған:

Мен бір тілек тілейін,
Ай мүйізді шоқпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең қойды бер!
Ұлды берсең бойлы бер!
Ақылы артық ойлы бер!
Ақсағаннан ақсаған,
Қозысы өлсе қақсаған,
Үй төбенің төрінде,
Ойбай салып маңыраған,
Қозысымен жамыраған,
Қозысынан айырылса,
Қара тұтып маңыраған.
Әппақ қана сүті бар,
Шағаладай құрты бар,
Шопан ата баласы,

Қойлар бассын үйінді.

Қойлар басса үйінді,

Қоймай бассын үйінді.

Халық жылқының етін, түйенің күшін, сиырдың сүтін дәріптеген. Кейде шөпке тоймайтын сиырды, қой мен ешкінің айтысын тудырып, «қойдың жегені-жантак, құйрығы жалпақ, ешкінің жегені-ошаған, құйрығы шошайған» деп күлдіргі өлеңдер де шығаратын болған.

Әрбір түліктің өз бабы болған. Сиыр қалың нуға, қоры үзілген қуға, қой кара тасқа, жабағы жеген насқа, жылқы бетегелі белге, найза ұстаған ерге, түйе ащы шөбі көп сорға, ел ішінде зорға бітемін деген сөздер содан туған. Бұл қай малға қандай қоныс жайлы дегенді білдірмек.

Халық төрт түлік малдың төлін анасы қалай сүйсе, адам да солай сүйе білуге тиіс деп қозы, лақ, құлын, торпақ, ботақан, қойшы, құс жөнінде түрлі өлеңдер тудырып келген. Қойды қасқырға бермеу үшін қойшының көлігі, құралы сайлы болуға тиіс. Кейбір өлеңдер қасқырды да сөйлетеді.

Атты қойшы, ашуы қатты қойшы,

Түйелі қойшы-тұрған қойшы.

Төбесінен ұрған қойшы,

Өгізді қойшы-өлген қойшы,

Жем болғанда көрген қойшы.

Халық мал бағудың қызығы мен қиындығы көп, соның үддесінен шыға білу керек деп ойлаған.

Ешкі бақтым-еңіреп бақтым,

Қой бақтым-қоңырау тақтым.

Сиыр бақтым-сидан қақтым,

Жылқы бақтым-жорғалаттым.

Түйе бақтым-түйме тақтым,-

деген өлең жолдары жас буынды еңбекке, шаруашылыққа шақырған. Төрт түлік мал жөнінде мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер де өте көп. Мал төлден өседі.

Сабақтың тақырыбы: Тұрмыс-салт өлеңдерін оқытуда этнопедагогиканы пайдалану.

1. Сабақтың мақсаты: Оқушылардың ауыз әдебиетінің бір саласы болған әдет-ғұрыпқа байланысты өлеңдерді игеру бойынша білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

2. Дамытушылық мақсаты: Ауыз әдебиеті бойынша білім дағдысын ойын түрлері арқылы тапқырлық, іздемпаздық, шапшаңдық қасиеттерін дамыту.

3. Тәрбиелік мақсаты: Ұлттық дәстүрлерімізді қадірлеуге, бағалауға, қонақ күте білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: ойын сабағы.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, талдау, ойын.

Сабақтың көрнекілігі: кеспе қағаздар, орамал, сақина, аттың, қой мүшелерінің суреттері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың зейінін жинақтау, сабаққа дайындықтарын тексеру. Сабақтың түрімен, тақырыбы және мақсатымен таныстыру.

2. Сабақтың негізгі кезеңі.

Балалар, біздің халқымызда «бастаңғы» деп аталатын дәстүр бар. Бұрынғы кезде ауылдың үлкен адамдары жолаушылап кеткен кезде ауыл жастары жиналып, ойын-сауық жасап, көңіл көтереді екен. Бүгін біздің ауылымыздың үлкендері көрші ауылға тойға кетіп еді, екі ауылдың жастары жиналып бастаңғы жасамақшымыз. Мінеки, көрші ауылдың жастары да келіп қалды. Халқымыз сыйлы, құрметті қонақтарына шашу шашып қарсы алған, бізде қонақтарымызды шашумен қарсы алайық.

(Кәмпит тәрізді кеспе-қағаздар таратылады).

1-кеспе қағаз. Салт өлеңдеріне қайсылар кіреді?

2-кеспе қағаз. Той бастау деген не?

3-кеспе қағаз. Той бастауды кім орындайды?

4-кеспе қағаз. Жар-жар қандай өлең?

5-кеспе қағаз. Беташар деген не?

6-кеспе қағаз. Бата қандай өлең?

- Балалар сыйлы қонақ келген соң қой сойылады, бізде де қазан асылып, ет пісіп жатыр. Ас піскенше қарап отырамыз ба? Ән айтып, күй тартып, ойын ойнап көңіл көтеріп отырайық.

- Ендеше ауылымыздың күйші жігіті Болат бір күй орындап берсін.

- Бәрекедді, ал қане күй тыңдайық.

Құманғазының күйі «Адай».

- Өркенің өссін, өнерің өрге тасысын!

- Ал қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

«Орамал тастамақ» ойыны.

Оқушылар әдет-ғұрып бойынша сұрақтар қойып, бір-біріне орамал тастайды.

«Сақина салу» ойыны.

5 оқушы тақтаға шығып, оларға сақина салынады. Бастаушы кімде екенін оқушылардан сұрайды. Оқушылар тапса, сақина салынған бала сұраққа жауап береді. Таба алмаса, сақина салынған бала оқушыларға сұрақ қояды.

- Балалар ас та дайын болып қалыпты. Сыйлы қонаққа қандай мүшелерді асатынын білесіңдер ме?

(бас, жамбас, жілік т.б.).

- Мінеки, алдарыңызға ас келді, астан алыңыздар (суретті кеспе қағаздар таратылады).

1. Бас: Бесік жыры дегеніміз не?

2. Жамбас: Тұсау кесуде қандай салттар орындалады?

3. Ортан жілік: Беташар кімге арналған өлең?

4. Асықты жілік: Батаның мәні қандай?

5. Омыртқа: Наурыз жырларының мәні?

6. Сүбе: Жарапазан өлеңінің мағынасы қандай?

- Ал, қазір әдет-ғұрыпқа байланысты мақал-мәтелдерді тақтаға жазып мағынасын талдайық.

1. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.

2. Шақырғанға бармасаң, шақыруға зар боласың (дәптерге жазғызу).

- Халқымыздың салты бойынша ас ішіліп болған соң, асқа бата жасалады. Бата үй иелеріне, қуаныш иелеріне жақсылық тілеу мақсатында айтылады. Әдетте батаны жасы үлкен не жолы үлкен адам жасайды.

«Ауылдағы той» әні орындалады.

Мақал-мәтелдерді тексеріп, жеңімпазды анықтау.

- Сөйтіп, бүгінгі бастаңғымыз да аяқталып келеді. Ән айтып, күй тартып, ойын ойнап біраз көңіл көтердік. Қонақтардың жол жүретін мезгілі де болып қалды. Атам қазақ үйіне келген сыйлы қонақты «Орамал тон болмай, жол болады» деп сыйлап жіберген. Қонақтарымызға деген азын-аулақ жоралғымызды істейік. Шапан «Той, думан, салт, дәстүр туралы мақал-мәтелдер айту». Орамал. Қонақ, қонақ күту туралы мақал-мәтел айту.

Сабақты қорыту.

- Бүгінгі сабақ ұнады ма? Ұнаса қай жағынан ұнады?

- Бұл сабақта өзің үшін қандай жаңалық болды, қандай жаңа ұғымдармен таныстың?

Бағалау.

Үйге тапсырма: Бастаңғы, қонақ, бата, салт-дәстүр жөнінде мақал-мәтелдер жаттау.

ә) Мақал-мәтелдер және жұмбақ пен жаңылтпаштарды жарыс сабақ түрінде өту

Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар. Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады.

Қандай мақалды алсақ та, оның шығуына себеп болған үлкен оқиға, мәнді әңгіме жатады. Мақал соларға берілген баға, жасалған қорытынды, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» есебінде жүреді. Халық аз сөзге көп мағына сыйдыра отырып, өзінің өмірінде көргендерін, бастан кешірген кезеңдерін, алған тәжірибелерін мақал арқылы айтып береді. Бұл жағынан алғанда, көптеген мақалдар ақыл-өсиет, нақыл сөз есебінде қызмет атқарады.

Қазақ мақалдарына жоғарыда жасалған қысқаша шолу-ауыз әдебиетінің бұл түрі-мазмұны жағынан болсын, тақырыбы жағынан болсын орасан көп дүние екендігін көрсетеді. Халықтың ғасырлар бойына сақтап келген және өзінің тіршілік-тұрмысында, қоғамдық өмірінде қолданған мақалдары халықтың сипатын жоймай біздің заманымызға жеткенін байқаймыз. Халықтың арман-мүддесін, көзқарасын, әрбір қоғамдық, таптық жағдайларға берген бағасын білдіретін, ақыл-өсиет, нақыл сөз ретінде айтылатын бұл мақалдар бүгінгі күнде де өзінің қасиетін жоймақ емес.

Қазақ мақалдарының өзіне тән негізгі бір ерекшелігі-аз сөзбен көп мағына беретіндігінде. «Аз сөз-алтын, көп сөз-көмір» дей отырып, халық өзінің мақалдарында мазмұнды әңгіменің «тобықтай түйінін» береді, ой-пікірін, көзқарасын әрі терең, әрі ашық айтады.

Мақал мен мәтел құрылысы, түрі, сөз саптасы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас келеді. Бірақ өзара айырмашылығы да бар. Басты айырмашылық бұлардың мазмұнында.

Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады. Ал мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқиғалы әңгімелер өте аз кездеседі. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы ретінде қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Мәтел айтайын деген ойын турасынан білдірмей, жанама түрінде, әртүрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді, кейбір сөздерін тыңдаушының өзі аңғарып түсінер деген оймен әдейі қалдырып кетеді. Бұл мәтелдің өзіне тән ерекшелігінің бірі болып табылады.

5-сынып оқушылары тұрмыс-салт жырлары, ертегілермен бірге мақал-мәтелдер және жұмбақ, жаңылтпаш үлгілерімен де танысады. Ауыз әдебиетінің бұл үлгілері оқушыларға, әсіресе, әдеби білімдік жақтарынан да аса маңызды. Оқушылар мақал-мәтел, жұмбақ пен жаңылтпаш үлгілерін оқи, талдай отырып, көркем сөздің бейнелігін ұғынады, аз сөзге көп мағына сыйдырып сөйлеудің үлгісіне машықтанады. Мысалы:

Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,
Ашылар мезгілінде бауырын жазып.
Ішінде толып жатқан қазынасы бар,
Қорек қып пайдаланар таман халық. (Кітап және кітап оқу)

Немесе:

Бір нәрсе қанаты жоқ ұшпас биік,
Сонда да жүрмейді екен жерге тиіп.
Арасын жер мен көктің өрт алса да,
Кетпейді ешбір жері отқа күйіп. (Балық)

Деген сияқты жұмбақтар оқушылардың нәрсені, сөз суреті арқылы берілген бейнесін ойлап табу, шешу жөніндегі ойлау, жорамалдау қабілетін арттырып, оларды тапқырлыққа, зейінділікке баулиды.

Мақал-мәтелдерді өткенде, олардың идеялық-көркемдік мағынасын ашумен қатар, оқушылардың жаттап алуын, белгілі бір шығарманы оқып

талдағанда, ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарында орнын тауып пайдаланып отыруын қамтамасыз ету керек. Мәселен, «Бай мен жарлы баласы» әңгімесін өткенде, Үсенге байланысты «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», ал «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын өткенде, «Еңбектің наны пәтті, жалқаудың жаны тәтті», «Қарманған қарап қалмас» деген сияқты мақал-мәтелдер келтіріледі. Мақалдар мен мәтелдерге тән суреттілік, аз сөзбен көп мағына берушілік осындай белгілі құбылыспен салыстырғанда ғана, оқушыларға оның идеялық мәні толық айқындалады. Осы көрсетілген жұмыс түрлері жалпы эпостық шығармаларды талдауда қолданылатын ортақ әдіс-тәсілдердің бір формасы болып табылады.

Жұмбақ-оқушы балалар мен жастарға білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі.

Халық жұмбақтарының тақырыбы өте көп. Жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, еңбек-кәсіп құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер-білім, техника т.б. жұмбақтардың басты тақырыбы болумен қатар, мазмұны да болады. Бұл тақырыптардың бәрі жұмбақ көлеміне енгенде, әрқайсысы жалпылама түрде алынбай, бөлшектене, жекелене алынады.

Жұмбақтардың мол тақырыбының бірі адам баласының жаратылыс дүниесін тану әрекетіне байланысты туған деуге болады. Бұл тақырыптағы жұмбақтардан адамдардың дүние танудағы ой-өрісі, түсінігі, табиғат құбылыстары жайындағы ұғымдары да көрініп отырады. Олар ай мен күнді, жер мен көкті, от пен суды, қыс пен жазды, қар мен жаңбырды, жел мен құйынды т.б. жұмбақ еткенде, өздерінің ұғым-түсінігіне жақын нәрселерге салыстырады.

Жұмбақтар тапқырлыққа құрылады. Жұмбақтың да, оның шешуі де асқан тапқырлықпен құрылуға тиісті.

Жұмбақта фантазиядан да деректілік, нақтылық басым келеді. Ол жұмбақ көлеміне енетін нәрселерді алыстағы бұлдырдан алмайды, адамның

көз алдындағы, күн сайын көріп, біліп отырған нәрселерден алады. Бұл нәрселерді жалпыламай түрінде алмай, бөлшектеп, жекелеп алады, әрбір заттың бөлек-бөлек бөлшектеріне айрықша көңіл аударады. Мәселен, жұмбаққа сиырды енгізгенде, оның өзін айтумен қабат, мүйізін де, емшегін де, сүтін де бөлек жұмбақ етеді. Басқа нәрселерді жұмбаққа қосқанда да осындай жай байқалады.

Жұмбақ көлеміне енетін заттарды сыртқы белгісі, сыртқы кескін көрінісімен сипаттауды («Қараша тауым қарлы болды, бір жауса кетпейұғын зәрлі болды» шаштың ағаруы) жақсы көріп отырады. Мұнымен қатар жұмбақ әрбір затты құлаққа естілетін дыбыс белгісімен де бейнелейді, бұған да айрықша мін береді. Мысалы: «Әуеден күбі түсті, күбінің түбі түсті» деп күннің күркіреуін дыбысына қарап жұмбақтайды.

Жұмбақтың өзіне тән бір ерекшелігі – жұмбаққа алынатын нәрселерді атқаратын қызметіне қарап көрсетуінде. Мәселен, құлыпты:

Ә, керемет бір ит бар

Үй бағады, үрмейді,

Аяғы жоқ жүрмейді.

Рұхсатсыз ол иттен

Ешкім үйге кірмейді,- деп сипаттайды. Жұмбақтардың көпшілігінде осы ерекшелік айрықша көзге түсіп отырады.

Жұмбақтарда көп кездесетін ерекшеліктің бірі - жақын заттарды парлап, қосарлап айтуында. Ай мен күн, жер мен көк, қыс пен жаз, күн мен түн, қол мен аяқ т.б. жұбымен алынып жұмбаққа қосылады. Бұл ретте, мысалы, күн мен ай мына түрде жұмбақ етіледі.

Біреудің бір ұлы бар және қызы,

Біледі ол екеуін дүние жүзі.

Ұйықтайды ұлы түнде , қызы күндіз,

Жүргенде білінбейді басқан ізі.-

Жұмбақтың қайсысы болса да негізгі ойды образ, оралымды ұшқыр сөз арқылы білдіреді.

1. Сабақтың мақсаты: Халқымыздың асыл мұрасы мақал-мәтелдер мен жұмбақ-жаңылтпаштар айтудан жарыстыру арқылы халық даналығына терең бойлату.

2. Тәрбиелік мақсаты: Халықтың бай мұрасын жадында сақтай білуге үйрету арқылы олардан тағылым алғызу. Есте сақтай білу қабілетін арттыру.

3.Сабақтың түрі: Ойын.

4. Тәрбиелік әдісі: Сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, сайыс.

5.Көрнекілігі: Аталар сөзі жазылған плакаттар, мақал-мәтелдер жинағы, жұмбақтар, жаңылтпаштар.

Сабақтың барысы: Сайыстың тақырыбы мен мақсатын хабарлап, ойынға қатысатын оқушылармен таныстыру. Ойынға мақалшылар мен жұмбақшылар қатысады.

1-кезең. Жұмбақ айтушылар сайысы.

1-байқау. Жүргізуші жұмбақ жасырады.

1. Жақынды да қарамайды.

Алысты да қарамайды. (Көз).

2. Бес ін,

Бес іннің ауызы бір ін (Қолғап).

3. Мұрты бар, сақалы бар,

Тоны бар, шапаны бар (Мысық).

4. Қашсам, құтылмадым,

Ұстасам, қолыма тұрмады (Көлеңке).

5. Көп бауырсақ ішінде бір қалаш (Жұлдыз, ай).

6. Үй үстінде ақ аю билеп тұр (Түтін).

7. Мұрнында байлауы бар,

Адамнан айдауы бар (Ине).

8. Тіріден өлі туады,

Өліден тірі туады (Жұмыртқа).

9. Бір таудың екі күзетшісі,

Екі тыңшысы, отыз екі бөрісі бар.(Көз, құлақ, тіс).

10. Көк лағым көгенде жатып семіреді (қарбыз).

11. От басында құмған,

Екі көзін жұмған (Мысық).

12. Отқа жанбас,

Суға батпас (Мұз).

(Осы байқауда аз ұпайы бар ойыншы ұтылады).

2-кезең. Тұрақты тіркестер жасыру.

1. Іші күйю.

2. Іші жылу.

3. Тепсе темір үзу.

4. Бетінен оты шықты.

5. Ат құйрығын үзісті.

6. Жерден жеті қоян тапқандай.

7. Ит терісін басына қаптады.

8. Қыздың жиған жүгіндей.

9. Көз сату.

10. Екі иығына екі кісі мінгендей.

11. Ит өлген жер.

12. Көз байланғанда.

(Осы айтылған тұрақты тіркестердің мағынасын айтып, кімде ең аз ұпай болса, сол ойыншы ойыннан шығады).

3-кезең. Жүргізуші мақалдың басын айтады, ойыншылар жалғасын табады.

1. Өнер алды - ...

2. Жеті жұрттың - ...

3. Көре-көре - ...

4. Сөз тапқанға - ...

5. Ойнап сөйлесең де, - ...

6. Сөз сүйектен өтеді, - ...

7. Жақсы сөз - ...

8. Аңдамай сөйлеген, - ...
9. Тоқсан ауыз сөзден - ...
10. Жақсының аты өлмейді - ...
11. Тіл тас жарады - ...
12. Айтылған сөз - ...

Осы байқау бойынша ең аз ұпай жинаған ойыншы шығады.

4-кезең. Жаңылтпаштар.

1. Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда қарт арқар бар,
Алты арқарда марқа арқар бар.
2. Әсел әсем бе, Әсем әсем бе?
Әсем әсем бе, Әсел әсем бе?

(Кім жылдам және дұрыс айтса, сол жеңімпаз атанады).

Көрермендермен ойын:

Кім қандай тұрақты тіркестер біледі?

Ана тілінің құдіреті туралы ел аузынан аңыздар оқып беріп, ойларды ортаға салғызу «Кім тапқыр?» бөлімі бойынша екі топ мүшесі бір-бірден шығып, құпия сөздерді шешеді:

1. Танаса – Астана. 2. Әгржің – Жәңгір т.б.

«Қызықты сұраққа қызықты жауап».

2-топқа кезекпен қызықты сұрақтар қойылады, жедел жауап берілуі керек.

1. Кім барлық тілде сөйлейді?
2. Қандай жолмен адам еш уақытта жүрмейді?
3. Елекпен су әкелуге болама?
4. Қанаты бар, бірақ ұшпайды, аяғы бар, бірақ жеткізбейді.
5. Жасы жүзге жеткен қарт. Бүкіл өмірінде туған күнін 25 рет қана тойлайды.

Қорытынды бөлім: Қазылар алқасы мәреге жеткен топты хабарлап, топ жеңімпаздарын құттықтап өтеді.

II Тарау

ЕРТЕГІЛЕРДІ МОДУЛЬ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Халық әдебиетінің басқа түрлері секілді, ертегілер де адам баласының еңбек-кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесіне байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатындығын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Осы негізде ертегі-әңгімелердің алғашқы үлгілері туған. Ертегілердің алғашқы үлгілері экономиканың ілгері дамуы, қоғамдық қарым-қатынастардың алға басуы, адам баласының дүние танудағы ой-өрісінің, сана-сезімінің ұлғайып өсуі нәтижесінде әр түрлі өзгерістерге ұшыраған. Мұнымен қатар, жаңа ертегілер туа бастайды және онда адам баласының арман-мүддесі, ой-санасы, болашақтан күтетін үміті суреттеледі.

Ауыз әдебиетінің іргелі жанры болып табылатын ертегіні мектепте оқыту, оның эстетикалық танымын оқушы зердесіне жеткеру жұмысы оқытушыға үлкен жүк жүктейді.

Ертегілерде, әсіресе, тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер мен батырлық ертегілерде еңбек ету құқығы, ел қорғау құқығы басым көрсетіледі де олардың тәрбиелік мәні халықтың тілек мақсаттарына сәйкес арта түседі. Ертегілерде құқықтық міндеттер, діни хадистер, құқықтық уәж айқын көрінеді.

Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор.

Халық ауыз әдебиетінің мұраларын, әсіресе, ертегілерді оқып – үйрету кезінде шәкірттер халық қаһармандарының сыртқы жан сүйдіретін сұлу келбетіне де, олардың ішкі рухани тазалығына да (әділдік, адалдық, еңбек сүйгіштік, кіші пейілділік т.б. сияқты биік адамгершілік қасиеттеріне) шын жүректен сүйсініп, терең тебірене алады. Бұл адам өмірінде кездесетін

сыртқы және ішкі әдемілікті оқушылардың тұтас бірлікте қабылдауын, дұрыс түсінуін арттырады, эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ фольклорындағы ертегілердің сан алуан түрлері бар.

Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер.

Өзбекстандағы қазақ мектептерінің 5-сыныбында ертегілерді өтуге 8 сағат берілген. Олар: «Керқұла атты Кендебай», «Алтын сақа», «Қаңбақ шал» әдеби ертегілерден Ә.Тәжібаевтың «Толағай» ертегісі өтіледі.

Бітіру мамандық жұмысымызда ертегілерді модуль арқылы оқытуға тоқталмақшымын. Ол үшін алдымен модуль арқылы оқыту деген түсініктің басын ашып кетпекшімін.

Бүгінгі таңда елімізде оқытудың жаңа технологиясын модульдік жолмен құру мәселесімен біраз ғалым-педагогтар айналысуда. Олардың тұжырымдауынша модуль оқытудың жаңа технологиясы мен электронды оқулықтар жасау негізі.

Модуль – адамның өздік дамуының шамасы.

«Модульмен оқыту дегеніміз – оқытып үйрету белсенділігін арттыру».

Модуль ұғымының этимологиялық мәні бідімді қолданысқа, меңгеруге қолайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады³.

Білімді дидактикалық мақсатқа сай мұғалім шеберлігіне байланысты әр түрлі қалыпта қолдануға болады.

Ертегілерді модуль арқылы оқыта отырып мұғалім оқушылардың сана сезімін тәрбиелейді, ақыл-ой қабілетін жетілдіреді, практикалық білім беріп, оларды шығармашылыққа баулиды. Ертегілерді модуль арқылы оқыту тек әдебиетке тән белгілерді меңгерумен ғана шектелмейді, оқушылардың әдебиеттен алған білімін басқа ғылым салаларында пайдалануына ықпал етуді көздейді.

³ Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 2009. 86-бет

Ертегілерді модуль арқылы оқыту оқушыны әр жақты білім алуға тәрбиелеп, дүниетанымын толықтырады, еңбекке бейімділігі мен шығармашылығын арттырады, саналылыққа баулиды.

Қазіргі таңда әрбір баланың бойынан табылуға тиіс жақсы қасиеттерді ұстаздар бала бойына білім нәрін себе отырып сіңіреді.

Жалпы қазақ халқы ерте кезден-ақ тәрбие барысында бала бойына, халықтық жырлар мен әңгімелер, ертегілер арқылы төмендегідей қасиеттерді сіңіре білген. Олар: біріншіден, тәрбие басы әдептілікке үйретуді көздеген, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейрімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден тіл алғыш елгезек бол деп үйреткен. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі. Төртіншіден адамдық пен шындыққа баулуды көздеген. Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген қария сөзін тыңдап бойына сіңіруін мақсат тұтқан. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйреткен. Жетіншіден, кісі айыбымен бетіне баспа – дейді халық тәрбиесі. Бұл табиғи дене мүшелерінде кемдігі барды көзге шұқып қорлама деген сөз. Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнегенді соған жұмса дегенді айтады.

Балаға тәрбие берудегі осы басты-басты мәселелер қазақ мектебіндегі 5-сынып оқушыларына ертегілерді модуль арқылы оқытуда жаңа буын оқулығында берілген мәтіндерде қамтылған.

Ертегілерді модуль арқылы оқытудың мақсаты – ертегінің қоғамдық - әлеуметтік мәнін түсінген, ертегінің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлау.

Бұл мақсатты орындау үшін танымдық және практикалық бағаттағы бірнеше міндеттер қойылады.

Танымдық бағыт бойынша:

- оқушының әдебиеттік дүниетанымын қалыптастыру;
- оқушылардың логикалық ойлауын, қабылдау, түйсіну әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру;

- әдебиет фактілері арқылы оқушының рухани дүниесін жетілдіру, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу;

- әдебиет сабағындағы пәнаралық байланыс арқылы қоғам, табиғат туралы адамзат жинап қорытқан білім негіздерімен қаруландыру.

Практикалық бағыт бойынша:

- оқушының сауаттылығын арттыру, әдеби тіл нормаларын меңгерту;
- тіл мәдениетін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау мәдениетінің талаптарына сай дағдыларды жетілдіру.

Әдебиет сабағы баланың ой-өрісін өсіріп, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіретін жаңа буын оқулықтары бойынша оқытыла бастады. Бұл оқу материалдарының, жалпы білім мазмұнының ішкі байланыстарынан туындап, оқушының шығармашылық бағыттағы жұмыстарымен ұштасқанда жүзеге асырады.

Яғни, жаңа буын оқулығы 5-сыныпта ертегілерді модуль арқылы оқытудағы басты мақсат тәрбиенің, білім беретін мәдениеттің барлық үлгісін жеке тұлға қалыптастыруға бағыттау.

а) «Алтын сақа» ертегісін сын тұрғысынан дамыта оқыту

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жас өспірімдерге әдебиеттен терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде қолданбақшымын. Осы технология бойынша мемлекеттік практика кезінде оқушыларды сынап көрдім.

Мен «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының басты ерекшеліктері әдебиет сабағындағы қолданылу жолдарына тоқталмақпын.

Алдымен, бұрыннан өткізіп жүрген дәстүрлі сабақтар. Мен қазіргі жаңа оқыту технологиясы негізінде өткізілген сабақтарды салыстыра отырып, төмендегі айырмашылықтарды байқадым.

Дәстүрлі сабақтар үрдісінде мұғалімнің әдістері. Оқушының іс-әрекеті.

1. Тақырыпты түсіндіреді.
2. Кейіпкерлер туралы түсіндіру.
3. Шығарманың идеясын анықтайды, талдайды.
4. Шығарма жазу тапсырылады.
 1. Мазмұнын айтып береді.
 2. Кейіпкерлерге мінездеме береді.
 3. Тақырып бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.
 4. Тақырып бойынша шығарма жазады.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша өткізілген сабақтар үрдісіндегі өзгерістер және нәтижесі.

Мұғалімнің іс-әрекеті. Оқушының іс-әрекеті.

1. Топқа бөліп, ой қозғайды.
2. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.
3. Шығармадағы ең құнды мәселелерді анықтау ұсынылады, зерттеледі.

4. Образдылық ерекшелігін тануға бағыттайды, орнына өздерін қойып қарайды, салыстырады.

5. Ойларын жазуды ұсынады.

6. Қорытынды жасауға бағыттайды.

1. Топтарда жұмыс жасайды.

2. Мәтінмен өздері танысады.

3. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманы саралайды.

4. Жеке кейіпкерлерді талдауды, олардың іс-әрекетін зерттейді.

5. Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.

6. Тұжырымдама жасайды.

Осы салыстыру кестелерінен «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғандығын көреміз. Академик Лернер пікірі бойынша білім-мәліметтер мен деректер, икемділіктер мен дағдылар, шығармашылық іс-әрекеттер, көңіл-күй құндылық бағдарларынан тұрады. Осыны ескерсек, сын тұрғасынан ойлау сабақтарында осы аталған бағдарлардың іске асып, нәтижесін беретіндігіне күмән болмайды. Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында әдебиет сабағында оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады.

Әдебиет сабақтарын «сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибеге енгізу нәтижесі оқушылар бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатыны байқалады.

Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді.;

Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді;

Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді (мағынаны тану кезеңінде);

Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды;

Өздеріне белгіні пайдалана алады;

Өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі, яғни «Мен» деген сөзді ұғады. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуда шығарма жазуды үйретудің стратегияларын практикамен сабақтастыру тәсілінің өзіндік үлгілері бар. Соларға тоқталайық 5-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен «Алтын сақа» ертегісін «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы.

I. Қызығушылықты ояту барысында оқушыларға әңгімені талқыламастан бұрын сөзден үй салып, мықты үйді, мықты біліммен құраймыз. Үй салу үшін ең бірінші іргетас құрайық.

I.1. Ертегі не үшін «Алтын сақа» деп аталады?

I.2. Осы ертегіге ұқсас қандай ертегіні білесіңдер?

I.3. Мазмұны қалай еді?

II.1. Ертегі оқиғасы неден басталады?

II.2. Әңгімеде балаға түскен қиыншылықтар қалай суреттеледі?

III.1. Ертегіде тұлкілер жайлы оқиға неге байланысты айтылатын еді?

III.2. Оның «ертеде бір бай болыпты» деп басталуымен қандай оқиғалар болды?

IV. Алтын сақаның бала үшін қандай маңызы бар?

Осы сұрақтар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырамыз. Білім арқылы үй құраймыз. Үй-іргетас – шатыр – терезе арқылы білімнен үй құраймыз. Сабақ барысында оқушылар «Екі түрлі түсініктеме» күнделігін пайдаланып, дәптердің бетін вертикаль сызықпен бөледі. Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарға үзінділерді жазады. Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады. (Нені еске түсіреді, себеп салдары қандай, қандай сұрақтар бар т.б.).

Әр оқушы ертегімен танысып, күнделік толтырып біткен соң, жұпта, топта талқылау ұйымдастыруға болады. Оқушылар ойланады, ізденеді, бірін-бірі түсінуіне мүмкіндік туады, жұппен жұмыс істеуге үйренеді. Ой түйе

арқылы, керекті дәйектемені іздеп таба біледі, оны пайдалана білуге үйренеді. Осы стратегия арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, өздік, дербес ізденуге баулимыз. Әрбір оқушыны өз беттерімен көркем туындыны оқуға, талдауға, бағалауға жетелейміз. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы дайын білімді қайталап айту емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға тәрбиеленеді. Оқушылардың өзіндік жұмысына мақсатты бағдарлау, айқын міндеттер қойғыза білуге үйретеміз.

Әдебиет сабағында проблемалық сабақтарды бөліп алу, әзірлеу, соны талқылау, өзіндік қорытынды жасау, өз беттерімен анализ, синтезге, бағаға жету, өзін-өзі бақылау, жұмыстары балаларды шығармашылыққа жүйелі білімге жетелейді.

Сонымен әдебиет сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша үйрету барысында мынадай нәтиже болады:

1. Оқушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін табады.
2. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды).
3. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды.
4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырады.
5. Білім дәрежесі деңгейін саралау өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады.
6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі айтылса, білуге дағлыланады.
7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.

8. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды.

9. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлерімен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

10. Жұмыс барыстарын алмасу арқалы оқушының өз ойын ашық, жасқанбай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді.

ә) «Толағай» әдеби ертегісіне сабақтық жоспар

Сабақтың тақырыбы: Ә.Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісі.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Ақынның өмірі мен шығармашылық жолымен таныстыру, әдеби ертегілер туралы түсініктерін қалыптастыру.

Тәрбиелік: Жас ұрпақты шындыққа, адалдыққа, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу; өз Отанына, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Дамытушылық: Оқушылардың әдеби дүниетанымдарын кеңейту, қосымша деректер арқылы, әдеби талдау арқылы пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

Сабақтың түрі. Дамыта оқыту сабағы.

Сабақтың әдісі: Модульдеу әдісі.

Сабақтың көрнекілігі: Тапсырмалар, әдеби ертегілер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.


3. Тәрбиелік мақсаты: Ә.Тәжібаев өмірі мен шығармашылығы туралы ізденіп келу тапсырмасы берілген болатын, сол бойынша оқушыларды тексеріп өтемін.

Жаңа сабақ.

Әдеби ертегілер туралы түсінік беру.

«Толағай» әдеби ертігіні оқытып, мазмұнын меңгерту.

Ертегіге әдеби талдау жүргізу. Ертегінің келіп шығу тарихының аңызбен байланысын түсіндіре отырып, әдеби ертегі мен қиял-ғажайып, шыншыл, айуанаттар ертегісінің айырмашылығын көрсетіп беру.



I. Тақырыбы: Батырлық, ертелік жайында.

Идеясы: Батырлық ерлікті дәріптеу.

II. Өлең құрылысы (1-қатар орындайды).

1 шумақта 6 тармақ, 2 бунақ, 8 буын.

III. Көркемдегіш құралдар

(2-қатар орындайды).

Маралдай, айдай, өрттей, меуерттей, көбелектей, аждаһадай,
шыбықтай.

IV. Кейіпкерлер әлемі

Саржан, Айсұлу, Толағай.

V. Оқырман позициясы

(3-қатар орындайды).

«Туады ерлер ел үшін» деген адам бойынан патриоттық сезімді ояту
Отан алдындағы өз борышыңды өтеу, тағдырдың жазуына көну.

VI. Ұлылар үндестігі.

1, 2-қатар әдеби ертегілер мен халық ертегілерін салыстырады.

2, 3-қатар Толағай мен Кендебайды салыстырады.

Әдеби ертегілер	Өзара ұқсастығы	Халық ертегілері
Авторы белгілі	Туған елін, жерін сүю, зұлымдықты жеңу.	Авторы жоқ. Ойдан шығарылады.

Ел арасында ауызша айтылып келген әңгіме аңыздардың негізінде туады.	Шыншыл, әділ болу	Ауызша айтылып, ұрпаққа тараған.
Өлең және қарасөз түрінде айтылады	Адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелейді	Көбінесе қарасөз түрінде айтылады. Ертегілердің үш түрі бар. Басталуы бір-біріне ұқсас.

Толағай	Ұқсастығы	Кендебай
Тым ерекше тұлға, көші көп	Балалардың дүниеге келуінде ұқсастық бар.	Ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті.
Арқаласа он баланы қайыспайды қабырғасы.	Екеуі де әкелеріне аң аулауға көмектеседі.	Алты жылда алып жігіт болыпты.
Жеті жастан садақ тартты.	Кендебай буаз биені жегелі жатқан қасқырды құйрығынан ұстап лақтырады.	Сондай күшті болыпты, алысқанын салып ұрыпта, күрескенін жыға беріпті.
Әкесімен аңға шықса, құтылмайды қашқан құлақ	Толағай әкесін жолбарыстан құтқарып, оны құйрығынан ұстап дөңгелетеді. Екеуінің де жанашырлық, елге деген сүіспеншіліктері бірдей.	

«Туады ерлер ел үшін» тақырыбында ой-толғау жазу.

Сабақты қорытындылау.

Рефлексия.

- Толағай секілді ер болу қолдарыңнан келе ме?

- Алда-жалда жұрт күйзелсе, сендер не істер едіңдер?

- Толағайдың жанашырлық, елге деген сүйіспеншілік сезімдері өз бойларыңнан табыла ма?

Үйге тапсырма беру.

1. Толағайға мінездеме беру
2. Егер Толағайдың орнында мен болғанда... деген тақырыпқа өз ойын жазып келу.
3. Толағайдың суретін салу

Бағалау. Өткен сабақты бағалау БББ технологиясы арқылы анықталады.

ІІІ ТАРАУ

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ТАНЫТУДЫҢ ЖАҢАША ҮЛГІЛЕРІ

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзімізді, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері – атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып. Жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді келеңді жерінде жаңартып қәдеге асырады.

Бүгінде оқу – тәрбие үрдісін жан-жақты жетілдіруде компьютерді оқыту құралы ретінде пайдалануда. Білімді ақпараттандырудың негізі – электронды оқу – құралдарын ұтымды пайдалануды жүзеге асыру қажеттігі туындауда.

Сондай-ақ, оқушылардың іскерліктері мен білім, білік дағдыларын қалыптастыруда компьютерлік оқу ойындарына қызығушылықты арттыру, жаттықтыру, алған білімдерін тексеру құралдары ретінде пайдалануға болады. Оқу мәтіндерін меңгертуді ойын түрінде беруде бір іс-әрекеттің бірнеше рет қайталанып келуі мүмкін, бұл оқушының мақсатқа, жетістікке жетуіне көмегін тигізеді, оқыту үрдісінде қалыптастырылған дағдыларды бекітуді жүзеге асырады. Мысалы мына үлгідегі тапсырмаларды беріп, оқушылардың шешендікке болған қызығушылығын анықтауға болады. Бұл тапсырма негізінде оқушылардың компьютерді жақсы білуі, шаққандығы мен зеректігі де сынға түседі. Қазақтың би-шешендерін анықтап, олардың алты алаш үшін жасаған маңызды іс-әрекеттерін, ел басқарудағы тапқырлығы мен білімдерін, алғырлығы мен әділдігін білу үшін олардың халық арасында аңызға айналған сөздерінен жаттауға беру өте орынды.

1-тапсырма:

Бос ұяшыққа билерді орналастыр, тірек сөз: (Әйтеке би, Қазыбек би, Төле би, Тайкелтір, Сырым).

Орта жүз	<input type="text"/>
Кіші жүз	<input type="text"/>
Ұлы жүз	<input type="text"/>

2-тапсырма:

Қазыбек би мен Бұхар жырау арасындағы шешендік сөзді реттерімен ұяшыққа дұрыс орналастыру. Тірек сөз: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сеніз, тоғыз, он. Жалғастырушы сөз «жаман».

<input type="text"/>	Жаман	Білікті адамнан белгілі азамат тумағаны
<input type="text"/>		Аймағын билей алмаған хан
<input type="text"/>		Жетейін деген мақсатына жете алмаған
<input type="text"/>		Серкесіз бастаған қой
<input type="text"/>		Толғаныңыз
<input type="text"/>		Өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз
<input type="text"/>		Бірлігі кеткен ел
<input type="text"/>		Егесіп өткен ер
<input type="text"/>		Бұтақты шідерден шошынған ат
<input type="text"/>	Төскейге шыға алмаған кәрілік	

Бұл тапсырма арқылы оқушылардың зерделілігі сынға алынып, санамаланып айтылған шешендік сөздердің мағынасын түсіндіру, терең ойлауды талап етеді.

3-тапсырма

Мәтіннен алынған үзіндінің көмегінен, шешендік сөз қай бидің сөзі екенін анықтап бос ұяшыққа жаз.

Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін.		Қазыбек би
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін		Төле би
Бай болып, пайдаң тимесе,		Бөртірік шешен
Батыр болып, жауға найзаң тимесе,		Әйтеке би
Елден бөтен үйің күйсін		

Дұрыс

Бұрыс

Мектеп бағдарламасындағы тақырыптарды осындай үлгідегі компьютерлік ойын түрінде меңгерту оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру мен бірге электронды оқулықтар жаратуда тиімді нәтижелер береді⁴.

5-сыныпта шешендік сөздерді оқытуда бес сағат бөлінген. Онда «Тайкелтірдің төрелігі» 1 сағат «Байдалы бидің көңіл айтуы» 1 сағат «Қазыбек би мен Бұхар жырау» 1 сағат, «Ақтайлақ би мен Қанай шешен» 1 сағат, «Сырым мен Малайсары» 1 сағат.

Осы шешендік үлгілерден, және «Байдалы бидің көңіл айтуы» тақырыбына бір сағаттың үлгіні төмендегіше бердім.

Байдалы бидің көңіл айтуы

XXI ғасырдың болашақ тірегі болар, егеменді еліміздің келешегі жас шәкірттердің ұшқыр ойлы, өткір тілде батыл сөйлеуіне, ой-санасының оянып жетілуіне, зерек те сергек болуына, байқағыштыққа, жақсы мінезге баулуына әдебиетіміздегі шешендік сөздердің алар орны ерекше. Бұл орайда 5-сынып оқушыларды «Байдалы бидің көңіл айтуы» тақырыбын өтудегі сабақтық іс-жоспарымды ортаға салмақпын.

Сабақтың тақырыбы: «Байдалы бидің көңіл айтуы».

⁴ Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 2009. 111-бет

Сабақтың мақсаты:

- 1) Мәтінді түсініп оқуға, оны жүйелі мазмұндай білуге баулу;
- 2) Қазақ халқының салт-дәстүрлерінен түсінік беру;
- 3) Оқушыларды мейірімділікке, қайраттылыққа, жігерлілікке баулу;
- 4) Оқушыларды сөз тапқыштыққа, ұшқыр ойлы сөйлеуге, шешендікке баулу.

Сабақтың жабдығы: портреттер, кеспе қағаздар, қанатты сөздер, тест жұмысы, техникалық құрал, сынып таңбасы, тау суреті, жеміс- жидектер.

Сабақтың барысы:

- а) ұйымдастыру кезеңі;
- ә) үйге берілген тапсырманы сұрау-жауап әдісі арқылы сұрау.
 - 1) Шешендік сөздер дегеніміз не? Ол қалай туып, дамып отырған?
 - 2) Шешендік сөздерді айтушылар кімдер, сен кімдерді білесің?
 - 3) Шешендік сөздердің адам өмірінде қандай маңызы бар? Ол адамды қандай мінезге баулиды?
 - 4) Шешендердің тапқыр сөздерінен мысал келтір
 - 5) Төле би Тайкелтірдің болашағын қалай болжады?
 - 6) Тайкелтір сыннан қалай өтті?
 - 7) Күдерінің, Қазыбектің, Тайкелтірдің, ұшқыр ойлы тапқыр сөздерінен олардың нені тілеп, нені көксейтінін байқаймыз?

Кемшіліктерін толықтырып, сабақты қорыту.

Жаңа сабақ: «Байдалы бидің көңіл айтуы».

Мазмұнын жүйелі әңгімелеп беремін. Мәтінмен жұмыс жүргіземін. Оқушылар өткен сабақты толық меңгеру үшін алуан түрде жұмыс жүргіземін.

I. Мәтінмен жұмыс.

Оқушыларға бағдаршы сұрақтар қоя отырып, сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгімелетемін. Бидің тапқыр сөздерін қажетінде мәтіннен таптырып оқытамын.

- 1) Қадірлі қария, Байдалы би келмегеніне өкпелеп жүрген өкпе-назын Айғаным ханым қалай білдірді?
- 2) Кері бұрылып, қайтып бара жатқан шешенді Айғаным қалай аттан түсіріп, үйіне енгізді?
- 3) Қазақтың салт-дәстүрі бойынша Айғаным не істеуге ыңғайланды?
- 4) Шешен оған қалай тоқтам берді?

II. Тест бойынша жұмыс.

- 1) Аңыз кейіпкерлерін тап:
 - а) Асан қайғы, Жиренше, Қорқыт, Алдар көсе.
 - ә) Кендебай, Мадан, Тазша, Зәрлі хан.
 - б) Болат, Нұрлан
 - д) Ерғали, Жиренше
- 2) Асан қайғы кім?
 - а) Әнші, көкпаршы, жолаушы
 - ә) Көкорай шалғынды «Жерұйықты» іздеуші
 - б) суретші, елші.
 - д) әңгімеші, шежіреші
- 3) Асан қайғының Желмаяға мініп ел кезудегі мақсаты не?
 - а) ел кезіп дүние табу үшін
 - ә) өлеңдерін тарату үшін
 - б) Халқына шұрайлы жер іздеу үшін
 - д) ел көру үшін
- 4) Шешен билерді тап?
 - а) Күдері, Жиренше, Қазыбек, Тайкелтір
 - ә) Кендебай, Ертөстік
 - б) Жошыхан, Шыңғысхан.
 - д) Төле би, Жиренше
- 5) Тайкелтірдің болашағын болжай білген би?
 - а) Қазыбек би
 - ә) Төле би

б) Күдері би

д) Жиренше

6) Ханы өліп қара жамылып жатқан Айғанымға қайрат берген кім?

а) Төле би

ә) Таумұрын молда

б) Байдалы би

д) Ерғали би

7) Байдалы бидің Шоқанның атасы Уәлихан қайтыс болғанда жаназаға келе алмау себебі неде?

а) уақыты болмағандықтан

ә) жарау аты, иығына жабар тоны болмағандықтан

б) келгісі келмегендіктен

д) ауылы шалғайлықтан

8) Қайрат деген қыран бар,

Қайғыға тізгін бермейтін

Қайғы деген жылан бар,

Өзекті шағып өртейтін

Кімнің тапқыр сөзі?

а) Айғаным ханымның

ә) Таумұрын молданың

б) Байдалы бидің

д) Қазыбек бидің

III. «Жұлдызды бала» ойынын ойнату

Тақтаға таудың суреті салынған плакат іліп қоямын. Осы таудың етегінен тауға өрмелеп шығып бара жатқан 3 баланың суреті салынған Таудың төбесіне шыққанша 3 рет демалып, демалатын орында сол орынға қойылған сұраққа жауап береді. Жауап бере алмай қалғаны таудан құлаған болып есептеледі. Шартты орындаған бала «Жұлдызды бала» атағына ие болып, омырауына жұлдыз белгісі бар алқа тағады.

1-баланың сұрақтары:

а) Байдалы кім? Ол Шоқанның атасы Уәлихан қайтыс болғанда не себепті жаназаға келе алмады?

ә) Бұрын қадірлі адамдар келгенде қаралы Айғаным не істейтін еді? Бұл жолы Байдалы би үйге кірген соң не істеуге ыңғайланды?

Мұның себебі неде?

б) Қара жамылып,

Ай-күні батқан, Айғаным!

Ханға сүйеніп,

Қоқай көрмеген, Айғаным!

Қамқаға оранып,

Шоқай көрмеген, Айғаным?

Өлеңнің мәнін түсіндір.

2-баланың сұрақтары:

а) Байдалы өзінің келгендігін қалай білдірді, оны Айғаным бәйбіше қалай қарсы алды?

ә) Ханмен қадірлес Байдалы би келгенде Айғаным одан қандай қызмет күтті?

б) Ер қартайды, мал тайды,

Екеуледі, ей ханым!

Қатын жалқау, ұл ынжық

Төртеуледі, ей ханым!

Кәрілік пен кедейлік

Егіз келді, ей ханым!

Қаусаған жоқ, иек бар,

Ауыл алыс жер болды,

Шығар жолды осыдан

Өзің тапшы, ей ханым!

Өлеңнің мәнін түсіндір.

3 - баланың сұрақтары:

а) Қара жамылып тоқтау айтуға даярланған Айғаным ханымға Байдалы шешен не деді?

ә) Айғаным сұрағына Байдалы би қалай жауап берді?

б) Қайрат деген қыран бар,

Қайғыға тізгін бермейтін

Қайғы деген жылан бар

Өзекті шағап өртейтін

Жылау деген азап бар,

Қуартып отқа жандырар.

Өлеңнің мәнін түсіндір.

Осындағы а) сұрағына әуелі 3 оқушы кезегімен жауап беруге тиіс: Сұрақтар осылай кезегімен келе береді.

«Мағжанға ұнайтын жеміс» ойыны

Тақтағы вазаның суреті ілінеді. Оның ішіне түрлі жемістің суреті қойылған. Әр жемістің арқасында қалташаға сұрақ жазылған кеспе қағазы салынған. Бала қалаған жемісін алып, сұраққа жауап береді. Жемістердің түрлері: Алма, жүзім, өрік, банан, помидор, қияр, апельсин, алмұрт т.б.

Жемістердегі сұрақтар:

1. Эфемизм дегеніміз не? Мәтіннен эфемизм сөзін тап (Ханы өліп).

2. Сөздің жұмбақталып астарлы мағынада айтылуын қазақ тілінде қандай сөздер дейміз? Мәтіннен астарлы мағынадағы сөздерді тап.

3. Айғаным ханымның білместігін бетіне тапқырлықпен айтқан тапқыр сөзін тауып оқы.

4. Байдалы би келе алмау себебін қандай мысалдар келтіріп, астарлап. Тұспалдап, түсіндірді? Шешендік тапқыр сөздерін оқы.

5. Байдалының келуі қайғылы ордаға қандай тіршілік орнатты?

6. Оқиға немен аяқталды?

«Мың бір мақал» ойыны

Тақтаға 3 оқушы шығады.

Ойынның шарты: «Мың бір мақал» ойынының үлгісімен жүргізіледі.

1-ойын.

I. Құрамында мынадай сөзі бар мақал айтқызыдыру.

а) Жер (Туған жердей жер болмас

Туған елдей ел болмас).

ә) Ұят (Ұлдың ұяты - әкеге

Қыздың ұяты шешеге).

б) Анасын (Анасын танымаған,

Алласын танымас).

Осы 3 оқушыға сұрақ қойылады.

Алғыр оқушы жылдам жауап береді. Мақал-мәтел дегеніміз не?

Мақал мен мәтелдің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?

2-ойын

II. Мына мақалдардың жалғасын оқушылар жалғастыруға тиіс.

а) Ана баулыған бала епті, ...

ә) Жылай-жылай арық қазсаң, ...

б) Ғаламның шырағы күн, ...

Сұрақ:

1) Мақал-мәтелдің адам баласы үшін қандай маңызы бар?

II. Мына тақырыпта мақал тауып айту.

а) Үнемшілдік жайында

ә) Білім жайында

б) Еңбек жайында

Сұрақ: Сөз де кілт, көңіл құлпын ашады.

Осы мақалдың мәнін айттырамын.

Өлең құрату.

1, 3 тармағын жазып қоямын. 2, 4 тармақтың жолдарын оқушылардың өздеріне таптыртамын.

Еліме менің қуаныш
 (Тәуелсіздік алғаны).
 Көңіліне оның жұбаныш
 (Тойына 20 жыл толғаны).
 Дауыл тұрды,
 (Қар борады).
 Ақ түтек басты даланы.
 Діріл қақты,
 Қалтырады,
 Елбектетті маңайды.

Дәптермен жұмыс: Мәтіннен түсінуге қиындық туғызатын сөздерге түсініктеме беру.

Қара жамылып – кісісі өліп, қайғырып отырған үйдің адамдарының қайғылы халі.

Ай-күні батқан – дәурені, бақытты күндері таусылған, қайтқан деген мағынада.

Қоқай көрмеген - өткен өмірінде ешкімнен қиянат, қорлық, зорлық, таршылық көрмеген адам.

Қамқаға оранып – кигені, көргені зерлі асыл бұйымдар деген мағынады.

Шоқай кимеген – ескі – құсқы, қырық жамаулы ұсқынсыз киім киіп, көрмеген адам.

Шаужайына – аттың шылбырына жабысуы.

Жоқтау – үй иелерінің өлген адамына байланысты айтылатын зарлы сөзі, әуені.

Қара тұман – үй иесі өлгеннен кейінгі қайғылы күн.

Көзсіз көбелектей – үй иесінсіз өткізген, не істерін білмеген қайғылы, тарығулы күндер.

Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорыту

Оқушылардың білімін өздеріне бағалату.

Үйге тапсырма: Жаңа тақырыпты оқып келу.

Қолданылатын қанатты сөздер

Жақсының үлгісі

Жанып тұрған шамдай.

Шешеннің сөзі.

Ағып тұрған балдай.

Жақсыдан қасиет қалар.

Ұлыдан өсиет қалар.

Сөз де – кілт, көңіл құлпын ашады.

Қайғы қартайтады,

Қуаныш марқайтады.

Шешендік сөздерді оқыту

Қазақ халқының оқиғасын реалистік болмыстан, шындық өмірден алып ауызша шығарған көркем шығармалардың елеулі бір санасы - шешендік сөздер. Шешендік сөздер алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеу негізінде туған. Мұндай адамдардың халыққа қамқор болып, халық намысын қорғағаны, бұл жолда жасаған әр-алуан істері ел аузында әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Олардың аты, ісі ерте кезде жазу-сызу өнері болмағандықтан хатқа түспеген, тек халықтың аңыз-әңгімелерінде сақталған.

Сондықтан да әуел басында тарихи шындыққы, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейін халықтың ауызша айтатын әңгімелері болып кеткен. Бұл әңгімелер бертін келе әр түрлі қоғамдық жағдайларға, халық тілегіне сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған, оған бергі заманның шындығын туған жаңа оқиғалар, көзқарастар қосылған.

Сабақтың тақырыбы: «Шешендік сөздерді таныту мәселелері».

Сабақтың мақсаты:

а) Қазақ халқының даналығы мен дәстүрлі шешендік асыл қазынасын оқыту; мән-мағынасын ашу

ә) Шешендік сөздердің мазмұны мен құрылысына түсінік беру.

Сабақтың көрнекілігі:

а) Әлем ойшылдарының шешендік өнер туралы түсінік білдірген нақылдары мен қанатты сөздері жазылған әдеби журнал. Кейбір сөздер ретіне қарай интерактивті тақтада көрсетіледі. Мысалы:

1. «Шешеннің парызы – шындықты айту» (Платон).

2. «Сөзбақтай берсе, тамаша сөз де жалықтырып жібереді» (Б.Паскаль).

3. «Тыңдаушылардың қолдап құптауы – шешен сөйлеуге қисапсыз мүкіндік тудырады» (Цицерон).

4. «Барлық заманда тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүріп келеді» (А.П. Чехов).

5. «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз» (Шәкәрім).

«Ақылмен ойлап білген сөз

Бойына жұқпас сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар» (Абай).

ә) Үн таспадан шешендік толғау, арнауларды таныту.

б) Шешендік сөздер туралы жазылған еңбектер әдеби сын мақалалар, зерттеулер т.б. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш», М.Жармұхамедұлы «Шешендік өнер», А.Бұлдыбаев, Б.Шканова «Шешендік сөздер табиғаты». Қазақтың би-шешендері туралы жинақтар. С.Негимов «Шешендік өнер», А.Адамбаев еңбектері, Ғ.Жандыбаев «Сөз мәйегі», К.Уәлиев «Сөз мәдениеті» т.б.

Бұлардың барлығы сабақ көрнекілігі ғана емес, оқушылардың үнемі оқып-біліп танысатын әдебиеттері, оқу-құралдары.

Сабақтың тәрбиелік мәні: Ой зерделігінен туып, халық жүрегіне ұялаған парасатты шешендікті таныту; тарихымызды танытып, ұлттық

намысымызды оятып, рухымызды көтеретін би шешендер сөздерін саралап, жүйелеу барысындағы ой-толғаныстар. Сөз тереңдігін түсініп, бағалай білуге, сұлулық сезіміне баулу.

Сабақ барысы: Оқушылардың назарын төмендегідей сұрақтарға аудару, түсініктер, мәліметтер беру:

1. Қазақ елінде ертеден қалыптасқан дәстүрлі шешендік мектебі бар.
2. Шешендік сөздің ел өміріндегі орны (Жеті жарғы).
3. Шешендік сөздердің бұлақ-бастауы халық ауыз әдебиетінің үлгілері.

Мысалдар арқылы дәлелдеу.

4. Ұлттық сөз өнері тарихындағы билер есімі, олардың қоғамдық өміріміздегі алатын орны.

Алдын ала оқушылардың өздігінен ізденіп, орындауы үшін әдеби-жаттығулар, сұрақ-тапсырмалар берілуі керек.

Пән мұғалімінің сабақтағы сөйлеу өнері сабақтың тәрбиелік мәнін арттырады. Шешендік сөздер - әдеби тілдің сөздік қоры. Шешендік туындылар басқа жанрлар тәрізді, әдеби ұйытқысы болмақ. Оның сөйлеу құрылысын, сөйлеу ережесін бойға сіңіру әдеби тілімізді байытады, ой-өрісімізді кеңейтеді. Оқушыларды шешендік өнерге тәрбиелеу әдебиет сабақтарында біртіндеп іске асырылып отырады.

Сабақ барысында «өнер падишасы» саналатын шешендік өнер ғылымы басқа ғалымдардың өркендеуіне әсер етіп отырғанына шолу берілгені дұрыс. Оқушылар өздері дайындап әкелген әдеби шығармашылық бақылау күнделіктерінен үзінділер оқиды.

Мысалы, қазақ даласында болып, халқымыздың бойындағы асыл қасиеттерді жете көріп терең түсініп, ерекше сүйіспеншілікпен тамашалай білген шетел саяхатшы зерттеушілерінің естелік жазбаларынан үзінділер алуға болады.

1-оқушы А.Янушкевич (1803-1957). Мен қазақ халқының суырып салма өнерін, асқақтата салған әнін тыңдап ерекше әсерге бөлендім. Бұдан бірнеше жыл бұрын екі ел егесіне сай, шартты топтың алдында сөз сөйлеген

шешендерді көрген едім, сонда мен өмірінде Демосфен, Цицерондарды естіп білмеген жандардың жез таңдай тілмарлығына таң-тамаша болып, қол шапалақтаған едім. Ал бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін ақындар бұлбұлдай сайрап отыр. Жаратқан иесі мұндай өнер берген халық, мәдениет әлеміне өгей болуға тиіс емес. Күндердің күнінде, қазақтың бетпак шөліне де мәдениеттің рухы кіреді.

2-оқушы: Поляк ақыны Г.Зелинский (1809-1881) қазақ халқының өмірінен алып «Қазақ», «Дала» поэмаларын жазды. Олар 1842 жылы басылды, 1964 жылы Т.Жароков қазақ тіліне аударды. Г.Зелинский қазақ халқының таланттылығын шешендігін, өнерге бейімділігін, танып, көріп, жоғары бағалай білген. Оны мына жолдардан білуге болады.

Шіркін, қазақ әндері-ай, әндерін
Жұлып кетер жүректің нәр әрлерін
Кейде ызғырық, күз даладай қайғылы,
Кейде аспандай неткен шексіз, сәнді едің!

Қазақ халқы сөз өнерін ерекше қадірлеген халық. Сөзге тоқтау – ежелден үзілмей келе жатқан дәстүріміздің бір көрінісі.

3-оқушы. Шешендердің ең негізгі құралы – сөз. Сол сөз арқылы тыңдаушысын өзіне тартып, жүрегін толқытып, бойын балқытады. Бұл асқан өнер, дарын қабілеттен туады. Мұса Шорманов жайлы М.Жүсіп Көпеев былай суреттейді.

Бас қосылған жиында
Бұлбұлдай болып сайраған.
Бұлақтай ағып қайнаған
Сөйлеген шақта көздері
Шамшырақтай жыйнаған.

Немесе:

Жақсылар бас қосқанда,
Алды артынан тосса да
Шылбырынан шалдырмай

Құбылып гүл-гүл жайнаған...

деген өздерден асқақ шешеннің өзіндік қасиеттерін тани түсеміз. Шешен сөйлеудің ең негізгі сыры – баланың жастайынан-ақ ән, күй, жыр ертегі, аңыз естіп өсуінде жатқанын оқушылар тани түседі.

4-оқушы. Шынайы шешен – жарқын тұлға. Оның ойлау, сөйлеу мәнері, бүкіл болмысы, дүниетанымы, кескін-келбеті айналасына әсер етпей қоймайды. Асқар Тоқмағанбетов М.Әуезов жайлы: «Мұхаң сөзге шешен кісі еді, әсіресе шабыты келгенде, сөзін тыңдайтын адамын тапқанда ақиық бүркіттей қомданатын.

... Мұзбалақ тегеурінді мұқалмаған

Қаймағы асыл сөздің жұқармаған.

Қазына халыққа арналған тұрған бойы,

Ашылған алтын сандық мұқалмаған»

дейді. З.Қабдоловтың: «Шешендік кейбіреулердің ұғымындай, әшейін ширақ сөйлеу, құрғақ пысықтық жасау емес. Шешендік кейбіреулердің ұғымындай, әшейін ширақ сөйлеу, құрғақ пысықтық жасау емес. Шешендік – шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе Мұхаңның шешендігі ғұлама ғалымдылығында жатыр», - деген пікірі шешендіктің шалқар шабыт пен шалқыған сыр мен сезімнен туатынын бекіте түседі.

Қазақ халқының даналығы мен дәстүрлі шешендігі ғасырлар бойы халық сынынан өткен құнды мұра – асыл қазына болып табылатынын оқушыларға түсіндіру барысында оларды «Тұрмыс – салт жырларындағы тапқырлық», «Қара өлеңдегі шешендік», «Мақал-мәтел – халық даналығы», «Жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілері», «Айтыстағы тапқырлық пен шешендік» деген тақырыпшаларға топтай отырып, мысалдар келтіріп дәлелдеп көрсеткен жөн. Мысалы, тіркестерінің кейбір түрлерін Ғ.Жандыбаевтың «Сөз мәйегі» кітабынан алып, оқушылардың өздеріне тапқызып, түсініктемелер жазғызса артық емес. Бұл М.Әуезовтың тіл шеберлігінің құдіреттілігін тануға жол ашары сөзсіз.

«Көксерек» хикаятындағы Аққасқа атты итті жазушы былай суреттейді. «Аққасқа ит өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды? ...».

«Байкөкше іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген, ауыл адамы сияқты.

- Е, балам, «Шешеннің судай төгілген, тыңдаушысы бордай егілген» дегендей сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел – ел-дағы. Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас! – деп, жас жолдасына қарап күліп қойды (3-том, 62-бет).

«Майбасар Абайға: Қайнына неге бармайсың?» - деп қалжындап, кажай берді. Бұл жолы тағы сөйтті.

- Майеке тағы бастадың ба, бармаймын, тіпті! – деп үлкендерге бұрылды да, күліп қойды.

- Ой жаман! ... Жаман бола ма деймін осы шіркін! ...

- Өлі – тірісін берген соң, өлі күйеу жата ма деп, өзің қалайсың? Иегі ителгінің тамағындай боп үлпілдеп келін отыр онда. Келмей кетсінші, бәлем», - деп ол сені сынап отыр осы жолы ...» (13 том, 33-бет).

Түсініктемелер (үздік оқушылар жауабы):

1. «Сіркесі су көтермейтін» - тұрақты сөз тіркесі. Адамның көңіл-күйі өте төмен болғанда айтылады. Кейде маған әжем: «Бар телевизорды өшірші, сіркем су көтермей отыр» - дейді.

2. Шешеннің суша төгілгені – оның сөздің небір сұлу мағынасын тауып айтып, тыңдаушы жұртты риза еткені. Тыңдаушының бордай егілгені – шешеннің сөзіне жан-тәнімен елжіреуі.


3. Ителгі – құс. Оң жақта, бой жетіп, толықсып отырған қыздың иегін соның тамағына теңегені. Қыздың жастығын, сұлулығын меңзеп, бейнелеп айтылатын сөз.

4. «Өлі – тірі» - қалың малдан бөлек, құдалықтың белгісі ретінде жігіт жағының қыз жағына беретін малы.

Мұндай жұмыстар оқушылардың мағынаны түсіне білуге қызығушылықтарын оятады. Ол толғанысқа түседі. Тапсырманы орындамаған оқушылардың да әдеби жұмыстарды орындауға ықылас-ынтасы артқанын байқадық.

Шешендік сөздерге қойылатын талаптар жайлы түсініктерден кейін оқушылардың өздері пікірлерін айтып, бір оқушы тақтаға жазып тұрады, яғни пікір жиынтығы іске қосылады. Ал, басқа оқушылар шешендік сөздерге мысал айтады. Қателескен оқушы ойыннан шығады.

Шешендік сөздердің тілдік көркемдік сипатын көрсетуге дәстүрлі шешендікпен (дау, арнау, толғаулар) қоса қазіргі шешендік өнердің басқа ғалымдармен байланысын төмендегідей модельде көрсетеміз.



«Билердің сөзі – ақылдың кені» атты сайыс сабағы. Бұл сабаққа мәнерлеп оқу үшін әдебиет, драма үйірмелерінің мүшелері қатысады.

I бөлім. «Билер бізде қонақта».

II бөлім. «Сөз сайысы». Билер сөзін жатқа оқу (Мәнерлеп оқушылардың жарысы).

Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топ өз билерін белгілеп, сөз сайысына дайындалады.

1. Төле би тобы.
2. Қаз дауысты Қазыбек би тобы
3. Әйтеке би тобы.

Бастауышы:

Төле би, ер Қазыбек, тілді Әйтеке.
 Асқар тау Қазықұрттай білімді еді.
 Бірі-күн, бірі туған айдай болып,
 Заманға сәйкесімен келіп еді,

- деп билер жайында шолу жасап, өмірбаяндық деректерге тоқталды. Қазақ тарихындағы елдің елдігін, халқының бірлігін, бүтіндігін көкसेген, елді адалдыққа, адамгершілікке, жақсылыққа үндеп, халқының мұқтажын, мүддесін көздеп ғұмыр кешкен ірі тарихи тұлғалардан қалған асыл сөздер – біз үшін таусылмас қазына. Оны танып, оқып, түсіне білу бәрімізге міндет.

Сұрақ – тапсырма. Қазақ халқының шешендігі жайында айтылған пікірлермен таныстыру.

1-топтан. 1-оқушы: Атақты түркітанушы С.Малов: «Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігі мен әсем ауыз әдебиетімен де даңқты».

2-топтан. 1-оқушы. П.Мелиоранский «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады. Қазақтар шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері».

3-топтан. 1-оқушы: М.Әуезов: «Шешендік нақылдар мен толғаулар – ата-бабаларымыздың қалдырған сөз сарайы, тіл маржаны, ақыл ойдың дариясы, келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлық өсиет».

Келесі кезекте билер сөзін тыңдаймыз.

1-оқушы: Төле бидің Жәнібекке айтқаны (Оқушылар өздеріне ұнаған жерлерін жазып отырады).

Өгізді өрге салма, қанатың талар,
 Наданға көзінді салма, сағың сынар.
 Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер,

Дұшпаныңа сырыңды айтпа, түбіңе жетер.

Әйел алсаң көріктіге қызықпа, тектіні ал.

Мақтаншақ жігіт жисаң, ұятқа қалдырар.

Елге бай құт емес, би құт.

Кәсіп болмай, нәсіп болмас!

2-оқушы: Қазыбек «Не жақын?» - деген сұраққа.

Тату болса, ағайын жақын,

Ақылшы болса, апайың жақын.

Бауырмал болса, інің жақын

Алдыңа тартқан адал асын –

Қимас жақын қарындасың.

Сыбайлас болса, нағашың жақын.

Адал болса, досың жақын

Жан серігің жас кезіңнен

Бәрінен де әйелің жақын! –

- деп жауап бергеннен соң, екінші «Не қымбат?» - деген сұраққа:

Алтын ұяң – Отан қымбат,

Құт – берекең – атаң қымбат

Аймалайтын анаң қымбат,

Мейрімді апаң қымбат.

Туып өскен елің қымбат,

Ұят пенен ар қымбат

Өзіңді сүйген жар қымбат ... –

- деп жауап берген.

6-оқушы. Ел аузындағы «Әйтеке Жарып айтады. Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады» деген ұлағатты сөздерде үлкен мән жатқанын байқауға болады, Әйтеке бидің кейбір ой-түйіндерінін мысал келтіреді.

Бүркіт бол заманыңыз бүркіт болса,

Бай болар кедей жігіт мүлкі болса,

Жақсылардың белгісі сол емес пе,

Қара қылды қак жарған әділ болса!

Немесе:

Ашу деген ағын су,

Алдын ашсаң арқырап,

Ақыл деген дария,

Алдын тоссаң тоқырап

Сөз қуған пәлеге жолығады

Опасыз күнде құбылады.

Сайыс барысында билер сөзін әр топ өздерінше қорытындылап, жүйелі ортақ пікір танытады. Мысалы, «Билер бойындағы ортақ асыл-қасиеттер: даналық турашылдық, тапқырлық, дарындылық, шешендік, алғырлық, елін берекеге шақыру, ұтқырлық, әділдік, қайраткерлік, зиялылық саясаткерлік т.б. сияқты ұшан-теңіз табиғи рухани қасиет-қабілеттер мол» деген тұжырымдар білдіреді.

Келесі кезекте төмендегі сұрақтарға жауап беріледі.

1. Қай би «Қарлығаш әулие» атанған?
2. Қандай би – шешендердің сөздерін жатқа білесіңдер?
3. Абайдың шешендігінен мысал келтіру, ол билікке араласқан ба?
4. Шешендік дау, арнау, толғауға мысалдар теру. Олардың ақындық, жыраулық поэзияға үндестігі.
5. Шешендік сөздердің халықтық сипаты.

Оқушылар сұрақ-тапсырмаларды орындауда үлкен жауапкершілік көрсете білді. Ең бастысы, олар өз беттерімен ізденіп, мәтінмен жұмыс істеуге дағдыланып, мәнерлеп оқи білуге төселеді.

Оқушылардың бойындағы білмекке құмарлықтың қозғаушы күштері қалыптасып, қызығушылық туғызғанын көреміз. Сабақта қолданылған қай жұмыстың түрі болмасын бірін-бірі толықтырып, жаңа мазмұн, ой, тың деректі тануға қызмет етеді, әр түрлі пікірлер жалғасын тауып сабақтасады. Мақсатқа жетіп, нәтиженің көрінуінің кілті – оқушының тыңғылықты әзірлігі, мұғалімнің іс шеберлігі.

Сабақтың екінші бөлімі. Әр топ оқушыларының орындауында шешен билер сөзінен құрастырылған үзінді-инсценировка, көріністер: «Жетес бала мен Төле», «Бабалар ісі - өнеге, сөзі - өсиет».

«Кім жатқа көп біледі?» - мақал-мәтел, жұмбақ, қанатты сөздер жарысы.

Мәнерлеп оқу оқушыларды тыңдау. Ретіне қарай ән-жырға кезек беріледі.

Демек, елін елдікке, бірлікке шақыруда халық тарихын байыппен саралап, бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздердің берері аз емес. Оқушылар көркем шығарманы өнер туындысы ретінде танып, барлық эстетикалық, этикалық, эмоциялық қуатын сезінеді. Сөз құдіреті тереңдігіне үңіледі, ой-толғанысқа түседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі күн талабы, елімізде кең қанат жайған әлеуметтік – саяси жаңарулар әдебиетші-ұстаздан сабақ сапасы мен тиімділігін арттырып, оқушылардың әдебиеттанушылық білім, білік, дағдыларын, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Ал әдеби білім көркем шығарманы оқу, талдау арқылы шәкірттер туындының бүкіл тынысын сезіне білуге, ондағы бар көркемдік нәрді терең танып қабылдауына, оқырман ретінде қалыптасуына қызмет етеді. Бұл, әсіресе мектеп қабырғасында өте маңызды.

Көркем шығарманы талдап – оқыту нәтижесінде әдебиеттің қыр-сырын ұғыну барысында оқушы оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ және туысқан халықтар әлем әдебиетінің кейбір озық үлгілерімен танысады. Өзіндік ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Алайда мұндай жұмыс оңайшылықпен іске аспайтыны белгілі, оқушылардың негізгі білім алу көзі оқулық болғандықтан, әдебиет пәнін оқу бағдарламасы бойынша берілген ақын-жазушылардың еңбектерін, халық ауыз үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиетін жан-жақты терең меңгеруде талдаудың ролі ерекше екені үнемі назарда болғаны орынды. Қазіргі заман талаптарына сәйкес әдеби білім мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты құрылып, ұлттық құндылықтары басым танымдық оқу материалдарының іріктеп берілуі ұлтжанды азамат, жеке тұлға, интеллектуалды ұлт қалыптастыруда маңызы зор. Республикамызда жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға етумен қатар, оларды белгілі азамат болуға бейімдеу талабы басымдылық танытуда. Оған қол жеткізуде әдеби туындыны талдап – оқытудың бала өміріне тигізетін пайдасы мен баға жетпес маңызын зерттеуші ғалымдар, әдіскерлер өз еңбектерінде жан-жақты дәлелденген.

Жұмысты жазу барысында Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Ақмолақов, Қ.Тасболатов, Р.Сүлейменова, Ә.Дайырова, С.Тілешова,

Т.Жұмажанова, Г.Құрманбаева, Б.Әріпова, Қ.Бітібаева т.б. әдіскер ғалымдар еңбектерінен пайдаландық. Сонымен бірге 5-сыныпта берілген кейбір ауыз әдебиеті үлгілерін жаңаша оқытуға байланысты сабақ үлгілерін бердік.

Жалпы 5-сыныптағы ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру, үйрету әдебиетке, көркем шығарманы оқуға, өзінше пікірлей білуге, ауызша тіл дамытуға, жан-жақты талдай білуге оқушыларды жетелейді.

Бұл оқыту әдістерін іске асыру әлбетте, оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті және қолданған әдіс-тәсілдеріне байланысты болады. Шәкірттің көркем шығармаға қызығушылығы, белсенділігі әдеби туындыны талдау барысында қалыптасады.

Орта мектепте қазақ әдебиеті үлгілерін оқытудың әдістемелік жолдары қиын да күрделі, әрі аса ұқыптылықты қажет ететін жұмыс. Олай етпейінше яғни оқыту ісіне ұқыптылықпен келмейінше белгілі бір көркем туындыны талдағанда немесе ауыз әдебиеті үлгілерін оқып – үйренуде айтарлықтай қателіктер ұшырауы мүмкін.

Бірінші тарауды ауыз әдебиеті үлгілерін мектепте оқыту жолдары деп алып, оны кішігірім екі бөлімге бөлдік: тұрмыс-салт өлеңдерін жаңа технология арқылы оқыту, мақал-мәтелдер мен жұмбақ, жаңылтпаштарды жарыс сабақ түрінде өту бойынша мәселелерді қамтыдық.

Бітіру мамандық жұмысымызға тұрмыс-салт өлеңдерін оқытуда этнопедагогиканы пайдаланып өтудің бір сабақтық жоспарын енгіздік. Мұндағы мақсатымыз ауыз әдебиетінің бір саласы болған әдет-ғұрыпқа байланысты өлеңдерді ойын сабағы барысында үйрене отырып, ұлттық дәстүрлерімізді бағалауға үйреттік.

Мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетінің үлкен бір тарауы. Мектеп оқушылары мақал-мәтелдерді ажырата алмауы, мәтелдің мағынасын дұрыс түсіне алмауына байланысты біз оларды жарыс сабақ арқылы ара жігін ажыратып беру мақсатымен салыстыра оқытудың маңыздылығын есепке алып, оқытуды жөн көрдік.

Жұмбақ, жаңылтпаштар баланың тез ойлау, шапшаң, анық айту, сөйлеу дағдысын қалыптасыратын ауыз әдебиеті үлгісінен саналады. Сондықтан жұмысымызда мақал-мәтелдер мен жұмбақ, жаңылтпаштарды жарыс түрінде өтудің тиімділігіне тоқталып, 5-сынып ұғымына сай мысалдарды алдық.

Дамыта оқыту технологиясы педагогикада тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған. Біз жұмысымызда мақал-мәтел мен жұмбақ, жаңылтпаштарды жарыс түрінде дамыта оқыту арқылы баланы аз уақыт ішінде көп мәліметті қабылдауға, сынып оқушыларын сабаққа толық қатыстыруға, сөйлеу, қиял, интеллект, ес, сезім әсеріне ықпал жасауға, «менің ойымша», «егер мен болсам» деген оқушының өзіндік үнін қалыптастыруға үйрету жолдарын қарастырдық.

Екінші тарауда ертегілерді модуль арқылы оқыту жолдарында оқушының өздігінен ізденуін, пікірлерін жинақтай білуін, өз пікірін дәлелдей алуын, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдылануын жүзеге асырады.

Жұмыс барысында модульде көрсетілген тақырыптарға, әр блокқа қатысты тапсырмаларды белгілі бір жүйелілікпен, ұтымды ұйымдастыруды жоспарладық.

Үшінші тарауда шешендік сөздердің маңызына тоқталдым. Бұл арқылы түсіндірудің мақсаты оқушыларды ой-толғауға үйрете отырып, шешендік сөздерді рольдерге бөліп оқыттым. Сонымен бірге шешендік сөздерді таныту мәселесіне арналған сабақтық үлгі бердім. Мұнда Әйтеке би мен Байдалы би, Төле би мен Қазыбек, Байкөкше билердің шешендік сөздерінен үлгілер берілді.

Ауыз әдебиеті материалдарын 5-сыныпта меңгеруде модульдік оқыту, дамыта оқыту, сын тұрғысынан оқыту, рольдерге бөліп оқыту, класстер, жарыс сабақ т.б. әдістерде жаңа технологиямен жаңаша өту жолдарын қарастырдым.

Ауыз әдебиеті үлгілерін талдау технологиясында мұғалім мен оқушы және жалпы сынып оқушысы, сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынастар жаңа қағидаларға негізделеді. Нәтижелі тәлім-тәрбие

азаматтыққа, Отансүйгіштікке, зиялылыққа, ұлттық дәстүрлерді сиалауға, жауапкершілікті сезінуге, гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға бағыттайды.

Қорыта айтқанда, ұсынылып отырған бітіру мамандық жұмысы студенттерге, жас мұғалімдерге орта мектепте әдебиетті оқытуға, әдістемесін жетілдіруге қосымша мәлімет ретінде қәдесіне жарайды деп ойлаймыз. Өйткені, ауыз әдебиеті үлгілерін мектеп қабырғасында оқыту мәселелерін ғылыми-әдістемелік негізде қарастыру сабақтың танымдық, тәрбиелік мәнін жүзеге асырады. Соның нәтижесінде біз шәкірттерге қоршаған орта, өмір, адамдар жайлы түсініктерін толықтыра отырып, жас жеткіншектердің дүниеге көзқарасын, сана-сезімін қалыптастырамыз. Бұл – біз өмір сүріп отырған, жаңарған қоғамымыздың қазіргі кезеңдегі басты талабы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Каримов И. Жоқары мәнәуият жеңилмес күш. Ташкент, 2008.
- 2.Абдувалитов Е. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі (оқу қолданба). Ташкент, 2008.
- 3.Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. Алматы, 1995.
- 4.Ақшолақов Т. Мектепте әдеби шығарманың компоненттерін оқыту. Алматы, 1994.
- 5.Адамбаева Б. Алтын сандық. Алматы, 1989.
- 6.Әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихы. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы.
- 7.Бұлдыбаев А, Шканова Б. «Шешендік сөздер табиғаты». Алматы, 1998.
- 8.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы, 1990.
- 9.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1990.
- 10.Жармұхамедұлы М. «Шешендік өнер». Алматы, 1990.
- 11.Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 2009.
- 12.Көшімбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы, 1999.
- 13.Қалимұқашева Б. Шешендік өнерге баулудың дидактикалық принциптері. Алматы, 1994.
- 14.Қазақ тілі мен әдебиеті (журнал). 1991 жылдан бері қарай.
- 15.Қазақ тілі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен. Алматы, 1992.
- 16.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы, 1995.
- 17.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 1994.
- 18.Негимов С. Шешендік өнер. Алматы, 1997.
- 19.Нұрмаханов Ж, Дайырова Ә. Орта мектепте лириканы оқыту. Алматы, 1991.
- 20.Тасболатов Қ. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Алматы, 1994.
- 21.Ұжымдық жинақтар. Мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың мәселелері. Алматы, 1998.

22.Шешендік сырлары. Алматы, 1993.

23. [www. tdpu. uz](http://www.tdpu.uz)

24. [www. pedagog. uz](http://www.pedagog.uz)

25. [www. Ziyonet. uz](http://www.Ziyonet.uz)

26. [www. edu. uz](http://www.edu.uz)

27. [tdpu-INTRANET. Ped](#)

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы..... 3-6

Кіріспе..... 7-10

I ТАРАУ

Ауыз әдебиеті үлгілерін мектепте оқыту жолдары

А) Тұрмыс-салт өлеңдерін оқытуда этнопедагогиканы пайдалану..... 11-16

Ә) Мақал-мәтелдер, жұмбақ пен жаңылтпаштарды жарыс сабақ түрінде өту..... 17-23

II ТАРАУ

Ертегілерді модуль арқылы оқыту..... 24-27

А) «Алтын сақа» ертегісін сын тұрғысынан дамыта оқыту..... 28-32

Ә) «Толағай» әдеби ертегісіне сабақтық жоспар..... 33-36

III ТАРАУ

Шешендік сөздерді танытудың жаңаша үлгілері..... 37-39

А) «Байдалы бидің көңіл айтуы»на сабақтық үлгі..... 40-47

Ә) Шешендік сөздерді оқытуға сабақтық үлгі..... 48-57

Қорытынды..... 58-61

Пайдаланған әдебиеттер..... 62-63